

**«Қазақстан балалары шексіз әлемде!»  
балалар киносының облыстық фестивалін өткізу ережелері**

**1. Жалпы ережелер**

1. «Қазақстан балалары шексіз әлемде!» балалар киносының облыстық фестивалін (бұдан әрі – конкурс) өткізу ережелері оның мақсатын, міндеттерін, өткізу және қаржыландыру тәртібін анықтайды.
2. Мақсаты: үздік классикалық және заманауи өнер үлгілерін игеру және орындау, дарынды балалар мен жастарды анықтау және қолдау арқылы білім алушылардың тұлғалық рухани мәдениетін қалыптастыру.
3. Міндеттері:
  - 1) балалардың интеллектуалдық және шығармашылық қаблеттерін дамыту үшін жағдай жасау;
  - 2) өскелең ұрпаққа қызықты болатын сұрақтар мен мәселелерді анықтау;
  - 3) кино және телевидение салаларында дарынды балалар мен жастарды іздеу және қолдау;
  - 4) шығармашылық тұлғаның өз ойын білдіру тәсілдерінің бірі ретінде фильмдер, жарнамалар, репортаждар жасау процесін ынталандыру;
  - 5) өнегелі, рухани және отбасылық құндылықтарды экран арқылы насихаттау;
  - 6) балалар мен жасөспірімдер жұмыстарының мәліметтер банкіні құру;
  - 7) балалар мен жасөспірімдердің, оның ішінде ауылдық жерлерде тұратын балалардың әлеуметтік және шығармашылық тұрғыда өзін өзі танытуға ықпал ету;
  - 8) іс-шаралар қатыстыру арқылы қосымша біліммен қамтылған балалар санын арттыру.
4. Аталмыш конкурс Фестивальді Республикалық фестивальдің облыстық туры болып табылады.
5. қазылар алқасының құрамын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі қалыптастырады.
6. Әділ қазылар алқасының құрамын М.М.Катаев атындағы Облыстық оқушылар сарайы қалыптастырады.

**2. Конкурсты өткізу орны және уақыты**

6. Конкурс 2019 жылғы 1-20 наурызда өткізіледі.
7. Байқауға қатысу туралы өтінім 2019 жылдың 1 ақпанынан 18-ші наурызға дейін міндетті түрде **luch\_studio@mail.ru** электронды поштасына қабылданады (1-қосымша).
8. Өтінімге қоса мыналар:
  - 1) қатысушылар туралы мәлімет (Т.А.Ж., туған жылы, сыныбы, оқу орны және білім беру ұйымының мекенжайы, тұрғылықты мекенжайы, телефоны, номинациясы, жұмыстың тақырыбы, топ жетекшілерінің аты-жөні, қызмет орны, лауазымы, ұялы телефондары);
  - 2) қатысушылардың және топ жетекшілерінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері.

**3. Конкурсқа қатысушылар**

9. Конкурсқа аудандық, қалалық конкурстардың жеңімпаздары, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының **13-17** жастағы білім алушылары (балалар және жасөспірімдер фильмдерінің авторлары, киностудиялардың балалар шығармашылық ұжымдары) қатысады.

**4. Фестивальді өткізу шарты және тәртібі**

10. Облыстық конкурсті дайындау және өткізу үшін ұйымдастырушылар байқаудың ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.
11. Конкурс екі кезеңде өткізіледі:
  - 1) бірінші кезең (іріктеу) – аудандық (қалалық) байқау:

2) екінші кезең (қорытынды) –облыстық конкурс

12. Бірінші өңірлік (іріктеу) кезеңді өткізу мерзімі аудандық (қалалық), білім басқармалары басшыларының бұйрықтарымен анықталады.

13. Конкурсқа кез-келген жанрдағы жұмыстар және шығармашылық шешімдер: дәстүрлі немесе сандық технологиялардың көмегімен–видеокамера, фотокамера және ұялы телефонмен түсірілген 5 минутқа дейінгі қысқа метражды фильмдер қабылданады.

14. Конкурс байқаулары келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

1) деректі (ойынды емес) кино – нақты оқиға негізінде алынған, адамдар, жағдайлар туралы туынды;

2) ойынды кино – актерлік ойын, операторлық және режиссерлік өнері көмегімен түсірілген сюжетті туынды (ойдан шығарылған немесе нақты оқиға желісі бойынша) шығарма;

3) STOP-MOTION-видео – STOP-MOTION технологиясында жасалған сюжетті туынды. Фотокамераға түсірілген немесе видеолардан таңдап алынған кадрлардан тізбектей монтаждалған ролик. Кадрда адамдар шағын қадаммен жылжып, үздіксіз қозғалыс иллюзиясын жасайды;

4) әлеуметтік жарнама, әлеуметтік ролик – қоғамдағы мәселелерге көрермендердің назарын аударуға арналған қысқа жарнамалық хабарлама;

5) анимация – бейненің қозғалу иллюзиясын көрсететін компьютерлік немесе заттық мультипликациялық техникада орындалған кез-келген туынды;

6) видео-арт – жаңа видеотехника және компьютерлік өңдеу құралдарымен түсірілген мазмұнына авторлық көркем концепцияны мазмұндайтын видеоролик;

7) музыкалық клип;

8) киножурнал – елдің өмірі, ішкі және халықаралық саяси оқиғалар және т. б. туралы қысқа ақпараты бар кинохроника түрі;

9) «Ералаш» – әзіл-сықақ бейнеролигі.

15. Байқау жұмыстары келесі өлшемдер бойынша бағаланады:

1) идеяны, сюжетті нақты көрсетудің стандартты емес тәсілі;

2) ұсынылған номинацияға сәйкестігі;

3) сюжеттік линияны сақтау;

4) фильмнің дыбыстық ресімделуі;

5) шығармашылық тәсілі;

6) баяндау сауаттылығы (титрлары, дыбысталуы, қорғау кезіндегі сөйлеу);

7) бейнелеу сапасы;

8) идеяның, тақырыптың өзектілігі;

9) сонылығы;

10) монтаж;

11) көру жайлылығы және қабылдау жеңілдігі.

16. Байқау жұмыстарының мазмұнына қойылатын талаптар:

фильмнің мазмұны тақырыпты ашуы;

өмір, жұмыс, балалар мен ересектердің қызығушылықтары, олардың армандары;

салауатты өмір салтын насихаттау;

мейірімділік және қайырымдылық таныту;

ұрпақтар диалогы;

қоршаған орта экологиясы және оны қорғау;

отансүйгіштік қасиеттерді таныту және өз тілін үйренуге қызығушылық;

әлеуметтік мәселелерді шешу идеялары.

17. Видеоның форматы: **avi, mpeg, mp4, wmv, flv, mkv, vob, mov**. Кассеталар мен дискілер қатты қаптамаларға оралуы тиіс.

Жұмыста видеофильмдерден алынған видео, фото, интервью, блицсұрақтар, көркем суреттер мен титрлар, фрагменттер, музыка, кадр сыртындағы дыбыстар, видеофильмдерден алынған

фрагменттерді қолдануға болады. Жұмыстың қысқаша сипаттамасында немесе титрде фильмде қолданылған материалдардың авторлары көрсетілуі тиіс. 22. Байқау жұмысына word форматында қоса тіркелген үлгіге сәйкес фильмнің аталуы, автордың ТАЖ, білім беру ұйымы, сыныбы және байланыс мәліметтері, түсірім күні, хронометраж, жұмыстың қысқаша сипаттамасы (қосымша) көрсетілген өтінім тіркелуі тиіс.

18. Байқау жұмысына word форматында қоса тіркелген үлгіге сәйкес фильмнің аталуы, автордың ТАЖ, білім беру ұйымы, сыныбы және байланыс мәліметтері, түсірім күні, хронометраж, жұмыстың қысқаша сипаттамасы (қосымша) көрсетілген өтінім тіркелуі тиіс.

19. Конкурса бір автор бір фильмнен артық ұсына алмайды. Конкурса ұсынылған фильмдер қайтарылмайды. Фестивальға ұсынылған фильмнің дыбысталуынан немесе бейнеленуінен ақауы бар материалдар байқауға жіберілмейді.

20. Конкурстың ұйымдастырушылары байқауға қатысқан жұмыстарды бұқаралық ақпарат құралдарында авторды көрсете отырып жариялауға құқылы

21. Конкурс ұйымдастырушылары байқау жұмыстарын интернетбасылымдарда автордың сілтемесін ұсынып басуға құқықтары бар.

## 5. Жарысқа қатысушыларды марапаттау

22. Кәсіби әділқазылар алқасы Байқау жұмыстарын Конкурстың бағалау өлшемдеріне сәйкес 10 баллдық жүйемен бағалайды. Әділқазылар шешімі хаттамамен ресімделеді.

23. 2019 жылдың 29 наурызында М.М. Катаев атындағы Облыстық Оқушылар сарайында марапаттау өткізіледі. Жеңімпаздар дипломдармен, бағалы сыйлықтармен марапатталады. Конкурстың барлық қатысушыларына сертификаттар тапсырылады. Жеңімпаздарды дайындаған педагогтерге алғыс хаттар беріледі немесе оларға жолданады.

## 6. Конкурсты қаржыландыру

24. Конкурсты Павлодар облысының Білім басқармасы қаржыландырады.

25. Конкурса қатысушылардың іс-шара өткізілетін жерге баратын және қайтатын жол ақысы, жолдағы тамақтануы жіберуші жақтың тарапынан төленеді.

1-қосымша

### «Қазақстан балалары шексіз әлемде!» Балалар киносының облыстық конкурсына қатысуға өтінім

Фильмнің аталуы	
Номинациясы	
Ұзақтығы	
Фильмнің қысқаша сипаттамасы	
Форматы	
Түсірген жылы	
Авторы (Т.А.Ж. толығымен)	
Автордың жасы	
Білім беру ұйымының толық аталуы	
Студияның, оқу бірлестігінің аталуы	
Педагогтің Т.А.Ж.	
Ұйымның телефоны, факсы, E-mail	
Жұмыс авторының телефоны	
Педагогтің телефоны, e-mail	